

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы
Өтеусіз әскери көмек туралы келісімді және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы келісімге
Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Түрік Республикасының Бас
штабы арасындағы атқару хаттамасын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 5 қараша N 1397

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2001 жылғы 31 шілдеде Анкара қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы келісім және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы келісімге Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Түрік Республикасының Бас штабы арасындағы атқару хаттамасы бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы
өтеусіз әскери көмек туралы
КЕЛІСІМ**

(2002 жылғы 13 желтоқсанда күшіне енді - СИМ-нің ресми сайты)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі,
ұзақ мерзімді және достық қатынастарды растай отырып,
1994 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасы Үкіметінің арасындағы Әскери ғылым, техника және білім саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді және 1993 жылғы 23 ақпандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасы Үкіметінің арасындағы Әскери білім саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ескере отырып,
әскери ынтымақтастықты нығайту мақсатында және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін реформалау ісіне үлес қосуға ұмтыла отырып, мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Түрік Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Үкіметіне АҚШ долларына баламалы сомасы 831000000000 (сегіз жүз отыз бір миллиард) дейінгі түрік лирасына өтеусіз әскери көмек береді.

Өтеусіз әскери көмекті беру 2001 жылдан басталады.

2-бап

Өтеусіз көмектің АҚШ долларына баламалы сомасы 783000000000 (жеті жүз сексен үш миллиард) дейінгі түрік лирасының бір бөлігі материалдар мен қызмет көрсетулер түрінде берілетін болады, ал АҚШ долларына баламалы сомасы 480000000000 (қырық сегіз миллиард) дейінгі түрік лирасы Түрік Республикасының заңнамасына сәйкес қаржылық көмек түрінде беріледі.

3-бап

АҚШ долларына баламалы сомасы 831000000000 (сегіз жүз отыз бір миллиард) дейінгі түрік лирасына өтеусіз көмек Тараптардың құзыретті органдары қол қоятын, осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын атқару хаттамаларына сәйкес айқындалатын болады.

4-бап

Қазақстан Тарапы алдын ала Түрік Тарапының келісімін алмай, материалдар мен қызмет көрсетулерді немесе оларды пайдалану құқығын үшінші Тарапқа бермеуге келісті.

5-бап

Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім мен 3-бапта аталған атқару хаттамалар Түрік Республикасының Үкіметі материалдық және қаржылық көмекті Қазақстан Республикасының Үкіметіне толық берген сәттен бастап өзінің қолданылуын тоқтатады.

Өтеусіз әскери көмек туралы келісімді Тараптардың мынадай құзыретті органдары іске асыратын болады:

Қазақстан Тарапынан - Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;

Түрік Тарапынан - Түрік Республикасының Бас штабы.

Осы Келісімді іске асыру кезінде туындайтын кез келген келіспеушіліктер

келіссөздер мен консультациялар жолымен шешілетін болады.

Анкара қаласында 2001 жылғы 31 шілдеде әрқайсысы қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, мұның өзінде барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісімнің ережелерін талқылауда келіспеушілік туындаған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінді басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасының	Түрік Республикасының
Үкіметі үшін	Үкіметі үшін

Қ о л ы :	Қ о л ы :
-----------	-----------

Т е г і :	Т е г і :
-----------	-----------

Әскери шені: полковник	Әскери шені: генерал-майор
------------------------	----------------------------

Лауазымы: Қазақстан	Лауазымы: Түрік Республикасы
---------------------	------------------------------

Республикасының Түрік	Бас штабының тыл бөлімінің
-----------------------	----------------------------

Республикасындағы	Елшілігі	бастығы
-------------------	----------	---------

ж а н ы н д а ғ ы	ә с к е р и	а т т а ш е
-------------------	-------------	-------------

міндетін уақытша атқарушы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы келісімге Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Түрік Республикасының Бас штабы арасындағы
АТҚАРУ ХАТТАМАСЫ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Түрік Республикасының Бас штабы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасында қол қойылған Өтеусіз әскери көмек туралы келісім шеңберінде ұсынылатын қаржылық көмекті пайдалану туралы мынадай баптар бойынша келісті.

1-бап. Мақсаты

Осы Атқару хаттамасының мақсаты Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне Түрік Республикасы беретін, АҚШ долларына баламалы сомадағы 48000000000 (қырық сегіз миллиард) түрік лирасына қаржылай көмектің негізгі бағыттарын белгілеу болып табылады.

2-бап. Жалпы шолу

Түрік Тарапынан берілетін қаржылық көмек мынадай іс-шараларды жүзеге асыру мақсатындағы шығыстарға ақы төлеу үшін пайдаланылатын болады:

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі қызметшілерінің Түрік

Республикасында "Бейбітшілік жолындағы әріптестік" курстарында болу уақытындағы шығыстары.

2. Түрік Республикасы әскери делегацияларының Халықаралық әскери көмек бағдарламасын жоспарлау мақсатында Қазақстан Республикасына келген кезіндегі көліктік шығыстары, сондай-ақ тамақтануға және тұруына арналған шығыстары.

3. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі қызметшілерінің екі жақты қатынастарды кеңейту мақсатында Түрік Республикасында болуының шығыстары.

4. Брюссель қаласындағы (Бельгия Корольдігі) НАТО-ның штаб-пәтерінде Қазақстан Республикасының өкілін ұстауға арналған шығыстары.

5. Осы Атқару хаттамасының қолданылуы барысында туындауы мүмкін басқа да қажеттіліктерге байланысты шығыстар.

3-бап. Атқару қағидаттары

Қаржылай көмекті орындаудың мынадай қағидаттары белгіленеді:

1. АҚШ долларына баламалы 14900000000 (он төрт миллиард тоғыз жүз миллион) түрік лирасы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери қызметшілері үшін Түрік Республикасында болуы уақытындағы курстарды ұйымдастыруға арналған шығыстарды жабу үшін беріледі, бұл ретте осы соманы пайдаланудың мынадай негізгі бағыттары айқындалады:

а) Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі әскери қызметшілерінің авиабилетіне, тамақтануына, тұруына, курстарға ақы төлеуге арналған шығыстар, сондай-ақ "Бейбітшілік жолындағы әріптестік" бағдарламасы шеңберінде Түрік Республикасындағы оқу орталығында оқуға байланысты басқа да шығыстар.

б) қазақстандық әскери қызметшілерді курстарға жіберу үшін іріктеу Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі әзірлеген әскери оқу орнына қабылдаудың қолданылып жүрген ережелеріне сәйкес жыл сайын өткізілетін болады. Егер оқытуға байланысты Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қажеттілігі осы мақсатқа бөлінген сомадан асатын болған жағдайда, Түрік Республикасының Бас штабы қосымша шығыстарды жабу үшін қажетті шаралар қабылдайтын болады.

2. АҚШ долларына баламалы 3700000000 (үш миллиард жеті жүз миллион) түрік лирасы Халықаралық әскери көмек бағдарламасын жоспарлау мақсатында Қазақстан Республикасына келетін Түрік Республикасы әскери делегацияларының көліктік шығыстарын, сондай-ақ тамақтануы мен тұруына арналған шығыстарды жабу үшін беріледі.

3. АҚШ долларына баламалы 3700000000 (үш миллиард жеті жүз миллион) түрік лирасы Тараптар арасындағы екі жақты қатынастарды кеңейту мақсатында Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі әскери қызметшілерінің Түрік Республикасына сапарына байланысты шығыстарды жабу үшін беріледі. Бұл ретте

Қазақстан Тарапы осы соманы пайдаланудың негізгі бағыттарын айқындайды.

4. АҚШ долларына баламалы 22000000000 (жиырма екі миллиард) түрік лирасы Бельгияның Брюссель қаласындағы НАТО-ның штаб-пәтерінде Қазақстан Республикасының өкілін ұстауға арналған шығыстарды жабу үшін беріледі. Бұл ретте берілетін ресурстар Қазақстан Республикасы өкілінің мынадай шығыстарын жабу үшін пайдаланылатын болады:

- а) қызметтік және тұрғын үй-жайларды жалға алу (жылу мен электр бойынша шығыстарды қоса алғанда);
- б) тұрғын және қызметтік үй-жайларды, сондай-ақ пайдалануға берілетін мүліктерді жөндеу және техникалық қызмет көрсету;
- в) телефон және факсимильдік байланыс қызметін көрсетулер;
- г) кеңсе тауарларын сатып алуға арналған шығындар.

5. АҚШ долларына баламалы 3700000000 (үш миллиард жеті жүз миллион) түрік лирасы осы Атқару хаттамасының қолданылуы барысында туындауы мүмкін басқа да қажеттіліктерді жабу үшін пайдаланылатын болады.

6. Осы Атқару хаттамасына сәйкес берілетін қаржылық көмек Түрік Тарапы айқындайтын шотқа аударылатын болады. Бұл ретте қаржылық көмектің пайдаланылуын бақылауды Түрік Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасындағы Түрік Республикасы Елшілігінің Әскери атташесі жүзеге асыратын болады.

7. Қажет болған жағдайда ресурстарды қайта бөлуді Түрік Республикасының Бас штабы жүргізетін болады.

4-бап. Толықтыру мен қайта қарау

Осы Атқару хаттамасына Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Атқару хаттамасының ажырамас бөлігі болып табылатын және осы Атқару хаттамасының 6-бабында белгіленген тәртіппен күшіне енетін жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Осы Атқару хаттамасының ережелерін түсіндіру мен қолдануға қатысты барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер және консультациялар жолымен шешілетін болады.

5-бап. Қолданылу мерзімі

Осы Атқару хаттамасы Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне Түрік Республикасының Бас штабы қаржылық көмекті толық бергенге дейін күшінде қалатын болады.

6-бап. Күшіне енуі

Осы Атқару хаттамасы Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күнінен бастап күшіне енеді.

Анкара қаласында 2001 жылғы 31 шілдеде әрқайсысы қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды, мұның өзінде барлық мәтіндердің күші бірдей . Осы Атқару хаттамасының ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

Қазақстан Республикасының	Түрік Республикасының
Қорғаныс министрлігі үшін	Бас штабы үшін

Қ о л ы :

Қ о л ы :

Т е г і :

Т е г і :

Әскери шені: полковник

Әскери шені: генерал-майор

Лауазымы: Қазақстан

Лауазымы: Түрік Республикасы

Республикасының Түрік

Бас штабының тыл бөлімінің

Республикасындағы Елшілігі

бастығы

ж а н ы н д а ғ ы

ә с к е р и

а т т а ш е

міндетін уақытша атқарушы

М а м а н д а р :

Б а г а р о в а

Ж . А . ,

Қасымбеков Б.А.